

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 470 қаулысы.

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығының 2-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Іс-қимыл жоспары) бекітілсін.

2. Іс-қимыл жоспарын орындауға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Іс-қимыл жоспарын іске асыру бойынша шаралар қабылдасын;

2) жартыжылдық негізде 5 шілдеге және 20 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Іс-қимыл жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.08.2025 № 637 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жартыжылдық негізде 25 шілдеге және 5 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Іс-қимыл жоспарының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.08.2025 № 637 қаулысымен.

4. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.06.2023 № 495 қаулысымен.

5. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.06.2023 № 495 қаулысымен.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

Ескерту. Іс-қимыл жоспары - жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.08.2025 № 637 қаулысымен.

Р/с №	Реформалардың/негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көздері
----------	---	----------------	-----------------	----------------------	---------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
1. Клиентке бағдарланған және ашық мемлекеттік аппаратты қалыптастыру Нысаналы индикаторлар: The global right to information rating (ақпаратқа құқықтың жаһандық рейтингі), рейтингтегі орын, 2030 жылға қарай 85 балл; Дүниежүзілік Банктің халықтың пікірін есепке алу және мемлекеттік органдарды есептілігі индексі (Voice and Accountability), 2030 жылға қарай 87 процентиль						
	Мемлекет пен азаматтық қоғамның өз ара іс-қимылы саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін жақсартуға бағытталған шаралар кешенін қабылдау, оның ішінде: 1) цифрлық инфрақұрылымның өтпелі моделін құра отырып, мемлекеттік органдардың коммуникациялар арналарын жүйеге келтіру және оңтайландыру; ;					

1.	2) жүйелі ден қ о ю шараларын тұжырымдай отырып, келіп түсетін жолданымдар ғ а ведомствоішілік талдау жүргізу арқылы халықтың сұрау салуларын коммуникациялар арналары бойынша құрылымдау; 3) қолданыстағы коммуникациялар арналары бойынша келіп түсетін ақпарат массивін өңдеу және талдау жөніндегі кешенді талдамалық мүмкіндіктерді дамыту; 4) мамандарды даярлау және қолдау, сондай-ақ азаматтардың жолданымдарын қарау және олармен жұмыс істеу саласында тәжірибе алмасу үшін, тағылымдамалар бағдарламаларын әзірлеу және енгізу,	Үкімет Аппаратына ұсыныстар жол картасы	2025 жылғы қазан 2026 жылғы ақпан	М А М , ЦДИАӨМ, Қаржымині, МҚІА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар, " Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша) М А М , ЦДИАӨМ, БП ҚСЖАЕК (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар ЦДИАӨМ, МАМ, "ҰАТ" АҚ (келісу бойынша), " Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар ЦДИАӨМ, МАМ, " Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша)	* Талап етілмейді талап етілмейді *	республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты талап етілмейді республикалық бюджет қаражаты
----	--	--	---	---	---	---

	мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік және жеке ұйымдардың қызметкерлерін ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуге оқыту, өтініш берушілермен өзара іс-қимыл сапасын бағалау және жақсарту мәселелері бойынша құзыреттер орталығын қызмет көрсетудің, жедел талдаудың бірыңғай стандарттары арқылы қалыптастыру					
2.	ҰЕҰ-мен өзара іс-қимыл саласында, оның ішінде үздік практикалар мен халықаралық стандарттарды енгізу арқылы тәсілдерді тұжырымдау	Үкімет Аппаратына ұсыныстар	2025 жылғы қараша	МАМ, СІМ	талап етілмейді	талап етілмейді
3.	"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидатының іске асырылуын бағалау бойынша өлшемшарттар әзірлеу	Үкімет Аппаратына ұсыныстар	2026 жылғы қараша	МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	талап етілмейді

4.	Жолданымдар бойынша мемлекеттік құқықтық статистиканың анықтығын қамтамасыз ету процестерін автоматтандыру мәселелерін қоса алғанда, ақпараттық-таламалық құралдарды кеңейту мақсатында "е-Өтініш" АЖ-ға жасанды интеллектті енгізу	техникалық шешім қабылдау	2026 жылғы маусым	ЦДИАӨМ, БП ҚСЖАЕК (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
----	---	---------------------------	-------------------	------------------------------------	-----------------	-----------------

2. Оңтайлы және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру

Нысаналы индикаторлар:

Дүниежүзілік Банктен мемлекеттік басқару тиімділігі индексінің мәні (-2,5-тен 2,5-ке дейінгі шәкіл бойынша) 2030 жылға қарай 1,12

Халықтың мемлекеттік органдарға сенімінің деңгейі, % (әлеуметтанушылық сауалнама), 2030 жылға қарай 75 %;

5.	Мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдык шолулар жүргізу жөніндегі әдістемені өзектілендіру	ҰЭМ бұйрығы	2025 жылғы тамыз	ҰЭМ, ЦДИАӨМ, МҚІА (келісу бойынша), Еңбекмині, Қаржымині	талап етілмейді	талап етілмейді
6.	Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында қайта бөлу арқылы мемлекеттік функциялардың аражігін ажырату	Үкімет Аппаратына ұсыныстар	2025 жылғы желтоқсан	ҰЭМ, МҚІА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	талап етілмейді
	Қазақстан Республикасы					

7.	Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық қызметінің институционалдық әлеуетін және тиімділігін арттыру	Үкімет Аппаратына ұсыныстар	2025 жылғы қыркүйек	СІМ, ҰЭМ	талап етілмейді	талап етілмейді
8.	Мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін реттейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, оның ішінде: 1) "бизнес-процес" ұғымын қосу; 2) мемлекеттік функциялардың санын оңтайландыру	Үкімет Аппаратына ұсыныстар Заң жобасы	2025 жылғы қыркүйек 2026 жылғы 1 - жартыжылдық	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	талап етілмейді
9.	Орталық және жергілікті атқарушы органдардың функцияларына бәсекелес ортаға беру жөніндегі іс-шараларды "қайта жүктеу"	Үкімет Аппаратына ұсыныстар Заң жобасы	2025 жылғы қыркүйек 2026 жылғы 1 - жартыжылдық	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар	талап етілмейді	талап етілмейді
	Мыналарды: 1) "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесін Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорымен интеграциялау арқылы ақша алушылардың					

10.	кaрт-шoттaры нa тoлeмдep жүpгiзу кeзiндe cыбaйлac жeмқopлық тaуeкeлдepiн жoю үшiн мeмлeкeттiк мeкeмeлepдiң тoлeм кұжaттaрындa Ғ ы мaлiмeттepдiң (тeгi, aты, экeciнiң aты (Т.А.Ә.) жaнe ж e к e cәйкecтeндiру нoмiрi (ЖСН) cәйкecтiгiн тeкcepyдi; 2) " Қaзынaшылы қ-клиeнт" aқпapaттық жүйeciн " Элeктpoндық мeмлeкeттiк cатып aлу" aвтoмaттaндыpылғaн интeгpaциялaнғaн aқпapaттық жүйeciмeн интeгpaциялaу aрқылы тoлeмдepдi жүpгiзу пpoцeciн цифpлaндыpу үшiн кұpылыс бoйыншa opынaлғaн жұмыcтap aктiлepi нeгiзiндe мeмлeкeттiк мeкeмeлepдiң aқы тoлeу шoттaрын aвтoмaтты түpдe	i c к e acыpылуы тypaлы eceп i c к e acыpылуы тypaлы eceп i c к e acыpылуы тypaлы eceп	2025 жылғы жeлтoқcaн 2026 жылғы қapашa 2026 жылғы қapашa	Қapжыминi, Әдiлeтминi Қapжыминi, ӨҚМ Қapжыминi, ЦДИАӨМ	т a л a п eтiлмeйдi т a л a п eтiлмeйдi т a л a п eтiлмeйдi	т a л a п eтiлмeйдi т a л a п eтiлмeйдi
-----	---	---	--	--	---	---

	калыптастыру ды; 3) Digital-ID-мен интеграцияла у арқылы мемлекеттік мекемелердің аудару операциялары н ы ң қауіпсіздігін арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін " Қазынашылы қ-клиент" ақпараттық жүйесінде қол қ о ю құқығымен пайдаланушы ларды биометриялы қ сәйкестендіру ді енгізу арқылы мемлекеттік қаржыны басқару жүйесіндегі бизнес-процес терді цифрландыру					т а л а п етілмейді
11.	І ш к і мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік аудит процестеріне цифрлық технологияла рды енгізу	Үкімет Аппаратына ақпарат	2027 жылғы қараша	Қаржымині, ЦДИАӨМ	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
	Экономика салаларында жасанды интеллект пен					

12.	инновациялық қызметті басқару жүйесін енгізу және дамыту үшін, оның ішінде: 1) ұғымдық аппаратты бекіту; 2) озық әлемдік практикаға сәйкес және мемлекеттің, бизнес пен азаматтардың мүдделерін ескере отырып, жасанды интеллектті дамытуға арналған құқықтық реттеушілік базаның қабылдануын қамтамасыз ету; 3) жасанды интеллект саласындағы техникалық стандарттарды әзірлеу және бекіту; 4) инновациялар бойынша халықаралық стандарттарды ілгерілету және танымал ету (ISO 56000-2022) арқылы жағдайлар жасау	Заң жобасы СИМ ТРМК төрағасының бұйрығы Үкімет Аппаратына талдамалық есеп	2026 жылғы қаңтар 2025 жылғы желтоқсан 2025 жылғы желтоқсан	ЦДИАӨМ, СИМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазстандарт" РМК (келісу бойынша)	талап етілмейді талап етілмейді * талап етіледі	талап етілмейді республикалық бюджет қаражаты бюджеттен тыс қаражат
	IT және қаржылық-технологиялық компанияларды тарту:					

13.	1) жаңа буынның сервистік орталықтары мен цифрлық терминалдарды құру; 2) мобильді сервистерді интеграциялау; 3) цифрлық шешімдер мен блокчейн технологияларын әзірлеу және енгізу; 4) Smart City технологияларын енгізу арқылы жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу бойынша мемлекет пен бизнестің әріптестігін ұйымдастыру тәсілдерін жетілдіру	Үкімет Аппаратына ұсыныстар Заң жобасы	2025 жылғы қараша 2026 жылғы 2 - жартыжылдық	ЦДИАӨМ, ҰЭМ, "ҰАТ" АҚ (келісу бойынша), "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	талап етілмейді
14.	Мемлекеттік органдардың желілік-функционалдық құрылымынан матрицалық құрылымына көшу арқылы мемлекеттік органдарда жобалық басқаруды дамыту бойынша тәсілдерді қалыптастыру : жобалау қызметінің сапасын арттыру жөніндегі	Үкімет Аппаратына және	2026 жылғы ақпан	ЦДИАӨМ, мүдделі		

	іс-шараларды жүргізу, жобалық басқарудың ақпараттық жүйесін пайдалану, мемлекеттік органдардың жобалық жетілуін бағалауды және жобалау қызметінің жүргізілу сапасын бақылауды енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар		мемлекеттік органдар	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
15.	Шешімдер қабылдауда шамадан тыс келісулер мен формализмді болғызбау жөніндегі шараларды көздейтін ж е к е жауапкершіліктің орнына сенімділік	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасының Заң жобасы	2027 жылғы желтоқсан	МҚІА (келісу бойынша), БП (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді

3. Азаматтардың қажеттіліктері негізінде проактивті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге көшу

Нысаналы индикаторлар:

"электрондық үкіметтің" даму индексі (БҰҰ бойынша), 2030 жылға қарай – 0,89;

адами факторды толығымен жою және ТОП-50 мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімін 20 минутқа дейін қысқарту, 2030 жылға қарай

50 бірлік;

2030 жылға қарай мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің кемінде 90 %-ы тек электрондық форматта алынуы тиіс;

2030 жылға қарай халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің кемінде 50 %-ы проактивті түрде көрсетілуі тиіс;

	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде 2026 жылы 10 мемлекеттік көрсетілетін қызметті,	ЦДИАӨМ ж ә н е мемлекеттік	2026 жылғы желтоқсан,	ЦДИАӨМ, мүдделі		
--	---	----------------------------	-----------------------	-----------------	--	--

16.	2027 жылы 20 мемлекеттік көрсетілетін қызметті проактивті форматқа ауыстыру	органдардың бірлескен бұйрықтары	2027 жылғы желтоқсан	мемлекеттік органдар	*	республикалық бюджет қаражаты
-----	---	----------------------------------	----------------------	----------------------	---	-------------------------------

4. Тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру

Нысаналы индикаторлар:

мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту, 2030 жылға қарай ЖІӨ-ге қатысты 13,0 %

17.	Жекешелендіру процесін аяқтау және бәсекелес салалардағы мемлекеттік кәсіпорындар санының қайта өсуіне кедергі келтіретін нормативтік жағдайлар жасау арқылы экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесін қысқарту	Үкімет Аппаратына ұсыныс	2025 – 2028 жылдардағы желтоқсан, жыл сайын	ҰЭМ, БҚДА (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
18.	Ведомстволық бағынысты ұйымдарды оңтайландыру жөніндегі мәселені пысықтау	Үкімет Аппаратына ұсыныстар енгізе отырып, функционалдық талдау жүргізу	2026 жылғы желтоқсан	ҰЭМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	талап етілмейді

5. Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жетілдіру

Нысаналы индикаторлар:

ауылдық округтердің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 2030 жылға қарай – 36,5 %-ға дейін

	Ауыл әкімдерінің сайланбалығы институтының дамуын және бюджеттің IV деңгейінің енгізілуін ескере					
--	--	--	--	--	--	--

19.	отырып, функциялард ы аудандық және ауылдық деңгейлерге беру және б о л у бойынша тәсілдерді тұжырымдау	Үкімет Аппаратына ұсыныстар	2025 жылғы қазан	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
-----	--	-----------------------------------	---------------------	---	------------------------	------------------------

Ескертпе:

* - республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстардың көлемі тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде нақтыланатын болады

Аббревиатуралардың толық жазылуы::

"Азаматтарға арналған үкімет" МК" КеАҚ	—	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік кәсіпорны" коммерциялық емес ұйымы
Әділетмині	—	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
БҚДА		Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
БП ҚСЖАЕК		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
Еңбекмині	—	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
"Қазстандарт" РМК	—	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан стандарттау және метрология институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Қаржымині	—	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
МҚІА	—	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

МAM	—	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
ӨҚМ		Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
СИМ ТРМК	—	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті
СІМ	—	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ҰЭМ	—	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
"ҰАТ" АҚ	—	"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы
ҰЕҰ	—	үкіметтік емес ұйымдар
ЦДИАӨМ	—	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі